

Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### **Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 шілдедегі № 119 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 шілдеде № 3330 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 шілдедегі № 183 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 27.07.2016 № 183 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Зандарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін үш пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.
2. "Жәнібек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Қарашинге жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

M. Мұқаев